



ұрынғы заманда аң аулауды әдет қылған бір патша болыпты. Күндердің бір күнінде аң аулап жүрсе, ағаштың басында бір бүркіт отыр екен. Патша оны көріп, атайын деп ыңғайланғанда бүркіт:

– Ей, патша! Мені атпаңыз, менің де сізге бір керемім болар, – депті.

Патша оның сөзін елемей, атуға тағы ыңғайланады. Бүркіт әлгі сөзін қайта айтып, жалына беріпті. Ол үш рет жалынғаннан кейін, патша ойға қалады да, бүркітті үйіне алып келіп, екі жылдай асырайды. Екі жылдан кейін патша кедейленіп, асырауға шамасы келмеген соң бүркітті қоя береді. Бірақ бүркіт қанатын көтеріп ұша алмайды. Сонан соң ол патшаға:

– Ей, патша, мені қайтсең де тағы бір жыл күт, мұратыңа жеткізейін, – деп жалынады.

Патша жұрттан қарызданып мал алып, тағы бір жыл күтіпті. Бір жыл толған соң әлденіп алған бүркіт патшаны үстіне мінгізіп, самғай жөнеледі.





Екеуі ұшып келе жатып, бір дариядан өте бергенде бүркіт патшаны дарияға тастап жібереді. Патша тізесінен суға батып бара жатқан кезде, бүркіт қайтадан судан көтеріп әкетеді де: – Патша, хал қалай, қорықтың ба? – деп сұрайды. Патша: – Енді өлдім ғой деп едім, – дейді.

Тағы да бір дарияның үстінен өте бергенде, бүркіт патшаны тағы тастап жібереді. Ортан белінен суға батып бара жатқан кезінде қайтадан көтеріп әкетеді. Үшінші дарияға келгенде, тағы да тастап жібереді де, қайтадан көтеріп әкетіп: – Қорықтың ба? – дейді бүркіт. – Енді тастасаң, өлемін! – дейді патша. – Жоқ, енді тастамаймын. Есіңде бар ма? Мен ағаштың басында отырғанда: «Атамын», – деп мені үш рет қорқытып едің ғой. Мен үш рет өз істегеніңді алдыңа келтірдім, – дейді де шарықтап кетеді.

Бір кезде бүркіт патшаға:

- Жоғары-төмен қарашы, не көрінер екен? – дейді.
- Жоғарыдан көк, төменнен жер көрінеді, – дейді патша.
- Және жан-жағыңа қарашы, – дейді.
- Оң жағымда – сахара, сол жағымда – бір үй тұр.
- Ол үй менің кіші қарындасымның үйі, соған барамыз, – дейді бүркіт.